


2020 жылы №67 гимназияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы атқарылған іс-шаралар туралы АНЫҚТАМА

2020 жылдың қаңтар айында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша жұмыс жоспары жасалып, басшылықпен бекітілді. Бұл жоспарға жыл бойына атқарылатын сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға арналған іс-шаралар кірістірілді.

Жоспар бойынша мектеп қабырғасында «Парасатты азамат», «Адам.Қоғам.Құқық» құқықтық бұрышы, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жадынамасы жасалды.



Адалдыққа, сенімділік қарым қатынас орнатуға арналған «Сенім жәшігі» және «Сенім телефоны» желісі жасақталып, ақпарат орнатылды.



Сонымен қатар «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының жұмысы ұйымдастырылып, жоспар бойынша мектеп ғимаратында «Адал ұрпақ» ақпараттық бұрышы жасалды.




3 қабатта «Адалдық дүкені» жобасы дайындалып қолданысқа берілсе, 2-ші қабатта «Адалдық кітапхана» бұрышы даярланды.



1-11 сынып жетекшілері жоспарға сәйкес «Мектептегі оқушы ережесі» тақырыбында сынып сағаттарын өткізді.



Қаңтар айында, гимназия директоры Г.Абдраманова «Ашық бюджет мектеп қаражатының жұмсалуды туралы» ата-аналар алдында есеп берді.




Үстіміздегі жылдың 20-шы қаңтарында « Адал ұрпақ» еріктілер клубы мен мектеп психологының ұйымдастыруымен «Мен – мейірімді адаммын» тақырыбында тренинг өтті.




Ақпан айында «Адал ұрпақ» ұйымы мүшелерімен «Әкелер кеңесінің» «Ұл тәрбиесі-ұлт тәрбиесі» тақырыбында бірлескен отырысы өтті.



Осы жылдың қыркүйек айының 12-сі күні Мектеп ұжымы және 1-11 сынып ата-аналар комитеті мүшелерінің қатысуымен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жүзеге асыру, парасаттылық мәдениетін қалыптастыру, әдеп нормаларын сақтау және заңнама бұзушылықтарының алдын алу туралы ZOOM платформасында онлайн форматта түсіндірме жұмысы жүргізілді. Жиналысқа сағат 17:00-де 165 мұғалім, сағат 18:00-де 135 ата-ана қатысты. Жиында мектеп басшысы сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың қағидаттарымен таныстырды.





Қараша айының 2-сі күні гимназияның 7-10 сынып оқушыларының қатысуымен құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі профилактикалық кеңес пен «Адал ұрпақ» клубының бірлескен отырысы өтті! Жиын онлайн форматта ZOOM платформасында ұйымдастырылды.



Үстіміздегі жылдың 4 қараша күні Microsoft Teams платформасында «Шанс» кәмелетке толмағандарды әлеуметтік-құқықтық қолдау орталығының жетекшісі-Шунаева Г.Е, «Право» ҚҚ-ның заңгері – Баймұқан А.Н., Психолог Ахметжанова М.В. қатысуымен «Адал ұрпақ еріктілер клубы» ұйымдастырған онлайн-кездесу өтті. Кездесудің негізгі мақсаты 1989 ж 20 қарашада

қабылданған «Халықаралық бала құқығы туралы» конвенция мен ҚР «Бала құқығы туралы» Заңы шеңбері аясында балалардың негізгі құқықтары және міндеттерімен таныстыру болды.



Дайындаған:

А. Рахметуллин
Ж. Куанышбеков